



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 тамыз

Бірқатар елдер импортының құрылымын салыстырмалы талдау

Талдаудың іріктеуіне дамыған, дамушы елдер кірді, бұл ретте экономикасының құрылымы ұқсас елдер жеке атап көрсетілді¹.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады.

Қазақстанға тауарлар импортының ІЖӨ-мен салыстырғандағы жалпы көлемі 18,2%-ды құрады, бұл іріктеу бойынша орташа мәннен әлдеқайда 23,7%-ға төмен. Бұл ретте шикізат бағытындағы елдерде бұл мән 20,7%-ды құрайды. Беларусь, БАӘ және Қырғызстан импортқа аса тәуелді елдер болып табылады.

1-кесте. Тауарлар импортының ІЖӨ-ге қатысты үлесі

	Тауарлар импортын ЖІӨ-ге
Қазақстан	18.2%
Түркия	27.5%
Бразилия	7.3%
Үндістан	22.4%
Қытай	15.3%
Біріккен Араб Әмірліктері	54.1%
Қатар	15.5%
Нигерия	8.2%
Венесуэла	4.8%
Ресей Федерациясы	14.9%
Беларусь	54.7%
Қырғызстан	62.5%
Канада	26.2%
Чили	3.9%
Франция	23.7%
Австралия	16.0%
Норвегия	21.6%
Іріктеу орташасы (ҚР есепке алмағанда)	23.7%
Мұнай өндіретін елдердің үлгісі бойынша орташа	20.7%

¹ (2017 жылдың қорытындысы бойынша ДСҰ (ИТС) жанындағы «Халықаралық сауда орталығы» агенттігінің деректері негізінде БҰҰ ауқымды экономикалық санаттары бойынша жіктеуге сәйкес).

Іріктеу бойынша импорт құрылымын талдау аралық импорттың басым екенін көрсетіп отыр (іріктеу бойынша орташа мән жалпы импорттың 49,3%-ы), одан кейін тұтыну тауарлары импорты (32,2%) атап көрсетіледі. Ең аз үлес инвестициялық тауарлар импортына тиесілі. Дамушы елдер (Түркия, Үндістан, Қытай, Бразилия) аралық тауарлардың айтарлықтай үлесімен сипатталады, бұл өндірістік тізбектердің шоғырлануымен түсіндіріледі. Экономикасының құрылымы шикізатпен байланысты елдер үшін тұтынушылық және аралық тауарлар импорты басым. Қазақстанда импорттық ағындар салыстырмалы түрде теңгерілген. Бұл ретте, инвестициялық тауарлардың үлесі талданып отырған елдер арасында ең жоғары болып табылады. Бұл мұнай-газ саласындағы жобалармен (ТШО, Қашағанның ұлғаюы) байланысты. Тұтыну тауарларының жалпы импорттағы (27,2%) үлесі іріктеу бойынша орташа мәннен төмен (32,5%). Шикізат шығаратын экономикалар үшін тұтыну тауарларының импортына деген тәуелділік жоғары (40,7%).

2-кесте. Құрауыштардың импорттың жалпы көлеміне қатысты үлесі

	Тұтыну тауарлары	Аралық тауарлар	Инвестициялық тауарлар
Қазақстан	27.2%	36.4%	34.6%
Түркия	25.3%	60.3%	14.4%
Бразилия	22.6%	64.6%	12.8%
Үндістан	6.9%	82.0%	11.2%
Қытай	13.1%	73.1%	13.8%
Біріккен Араб Әмірліктері	38.2%	42.6%	19.3%
Қатар	41.3%	36.6%	22.1%
Нигерия	42.2%	43.6%	14.3%
Венесуэла	41.2%	45.3%	13.5%
Ресей Федерациясы	29.3%	41.8%	28.9%
Беларусь	33.1%	55.1%	11.7%
Қырғызстан	49.2%	39.3%	11.5%
Канада	31.7%	47.0%	21.3%
Чили	36.3%	41.1%	22.6%
Франция	33.7%	51.5%	14.8%
Австралия	42.3%	33.2%	24.5%
Норвегия	33.1%	45.3%	21.6%
Іріктеу орташасы (ҚР есепке алмағанда)	32.5%	50.1%	17.4%
Мұнай өндіретін елдердің үлгісі бойынша орташа	40.7%	42.0%	17.3%

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz